



Алматы қаласында халықаралық (өңірлік) қаржы орталығын құру тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1364 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қарашадағы № 1189 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.11 № 1189 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстанның қаржы секторында бар бәсекелі басымдықтарды дамыту және жаңа басымдықтар құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласында халықаралық (өңірлік) қаржы орталығын құру тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 3 6 4 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Алматы қаласында халықаралық (өңірлік) қаржы орталығын құру тұжырымдамасы

1. Кіріспе

Қаржы орталықтарының тарихи пайда болуы капиталдардың ірі қалаларға шоғырлануымен байланысты болды. Алайда, мұндай шоғырлану қаланың қаржы орталығы ретінде дамуына өздігінен жол аша алмайды. Бұл ретте халықаралық қаржы орталықтарының бір бөлігі ретсіз құрылса (Нью-Йорк, Лондон, Токио, Гонконг, Швейцария және т.б.), 70-ші жылдардан бастап жекелеген елдер оларды құру жөнінде мақсатты жұмыстар жүргізгенін (Дублин, Лабуан, Сингапур) атап

Инвестициялау үшін қол жетімді капитал өсімі жаңа қаржы құралдарының қарсы ұсынысын туындатады. Мұндай жағдайларда қала қаржы орталығына айналады. Әлемдегі қаржы астаналары - Лондон мен Нью-Йорк сияқты пайда болуының қарапайым моделі осындай.

Жас қаржы орталықтарының (Гонконгтің, Сингапурдың, Брунейдің және басқалардың) қарапайым түрдегі ерекшелігі - артылған капиталды пайдалану үшін капитал ағындары мен қаржы құралдарын әдейі көтермелеуінде. Көтермелеудің басты тетігі: ырықтандырылған кеден және салық режимдері, инвесторлар, кәсіпкерлер мен кәсіпқой қаржы делдалдары талап ететін тұрмыстық және бизнес сервистің жоғары сапасы мен үйлестірілетін капиталды мемлекеттік реттеу мен қайтарудың ырықтандырылған режимдері.

Сонымен қатар қаржы орталықтарын құру жөніндегі белгілі бір үрдісті атап өткен қажет, осыған байланысты халықаралық қаржы орталығын құру жөніндегі жұмысты жеделдету аса өзекті болып отыр. Мысалы, 2002 жылдың басында Қытай Халық Банкінің басшылығы Шанхай қаласында жеткілікті әлеуеттің болуы және халықаралық қаржы орталығын құру жөніндегі тиісті шешім туралы мәлімдеді. 2004 жылы тамызда Сұлтанстың Қаржы министрлігі Брунейдегі жаңа халықаралық қаржы орталығын құру тетіктерін жариялады. Корея Үкіметі де Лондон моделін пайдалану арқылы Сеул қаласында халықаралық қаржы орталығын құру мүмкіндігін қарау үстінде.

Алматы қаласын өңірлік қаржы орталығы ретінде дамыту идеясы (бастапқыда өңір ретінде бұрынғы кеңестік Орта Азия республикалары мен Қазақстан меңзелді) алғаш рет 1995 жылы Қазақстан банктері қауымдастығының мүшелері мен басшы құрамының Қазақстан Республикасының Президентімен кездесуі кезінде жария етілген болатын. Алайда, ол кезде бұл идея бірқатар себептерге байланысты қолдау таппады, олардың ішінде, ең негізгісі Қазақстанның өзі банк жүйесін реформалауды енді ғана бастағаны (тіпті, қаржы рыногының басқа секторларындағы реформаларға әлі кіріскен де жоқ болатын) және Қазақстанның бұл салада өңірлік жетекшілікке ұмтылуы тым ерте болып к ө р і н д і .

Осыған байланысты "Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 сәуірдегі N 356 қаулысымен күші жойылған "Алматы қаласын өңірлік қаржы орталығы ретінде дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 шілдедегі N 1014 қаулысы бекітілді.

Ол уақытта Алматы қаласын өңірлік қаржы орталығы ретінде дамыту мәселесін шешу жөніндегі жұмысты Алматы қалалық әкімшілігі, Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі дербес жалғастырды.

"Алматы қаласын қаржы орталығы ретінде дамыту мәселесі бойынша ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 25-ө өкімімен Алматы қаласын қаржы орталығы ретінде дамыту мәселесі бойынша тұжырымдарды әзірлеу жөніндегі жұмыс қайта жанданды.

Жұмыс тобының құрамына Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Алматы қалалық әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің өкілдері кірді.

Жұмыс тобы жұмысының шеңберінде Сингапур, Дублин (Ирландия), Дубай (БАӘ), Лабуан (Малайзия) (қосымшалар) сияқты қалалардың халықаралық қаржы орталықтарын құру және дамыту тәжірибесі зерттелді.

2. Алматы қаласын халықаралық қаржы орталығы ретінде дамыту перспективалары: артықшылықтары мен кемшіліктері

Алматы қаласындағы халықаралық (өңірлік) қаржы орталығы (бұдан әрі - Орталық) бұдан әрі тікелей экономикалық тиімділік келтіріп қана қоймай, сонымен қатар елдің қосымша бәсекелік артықшылығын жасай отырып, Қазақстанның экономикалық дамуының катализаторы мен мультипликаторы ретінде "өсу нүктесі" деп аталатын рөлді атқаруы мүмкін.

К ө р і н і с і

Алматы қаржы орталығы халықаралық сыныптағы кең ауқымды қаржылық қызметтер көрсететін бүкіл әлемге танымал және мойындалған өңірлік орталыққа айналуы керек.

М и с с и я с ы

Орталықтың миссиясы - әлемге танылған халықаралық сыныптағы қаржылық қызметтер орталығын құру және дамыту арқылы экономикалық өсуді ынталандыру және экономиканы әртараптандыру.

Негізгі мақсаттары

Халықаралық қаржы орталығының негізгі мақсаттары:

- 1) елдің экономикалық дамуына жәрдемдесу және
- 2) озық қаржылық білім мен техникаларды импорттау деп мәлімдеуге болады

Сонымен бірге, халықаралық қаржы орталықтарын құрудың және олардың жұмыс істеуінің халықаралық тәжірибесі көрсеткендей, халықаралық қаржы орталығын құру және оның қызметі мемлекеттің экономикалық саясатының

өтпелі кезеңінің бірі ғана болуы мүмкін.

Қаржы орталығын жедел іске қосу, сондай-ақ орталықтың одан кейінгі жетістігі мақсатында орталықты дамыту бастапқыда өңірлік ауқымдағы халықаралық қаржы орталығы ретінде басталады. Бұл ретте елдің қазіргі және енгізіліп жатқан бәсекелік артықшылықтарының болуы және оларды тиімді пайдалану түйінді мәселе болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның қаржылық қызметтер секторында екінші деңгейдегі банктер; кредиттік серіктестіктер, ломбардтар және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдар; сақтандыру ұйымдары; жинақтаушы зейнетақы қорлары; қор биржасы; бағалы қағаздар рыногының брокерлері мен дилерлері, зейнетақы активтерін басқаратын компаниялар, инвестициялық портфельдерді басқарушылар мен тіркеушілер, кастодиандар, сақтандыру брокерлері мен агенттер бар.

Дамыған елдермен салыстырғанда, Қазақстанның қаржы рыногы дамуының қатысты көрсеткіштері ұлттық экономикаға барабар қызмет көрсету үшін Қазақстандағы қаржылық делдалдық деңгейінің жеткіліксіз екендігін көрсетті, дегенмен басқа бұрынғы кеңес елдерімен салыстырғанда, көрсеткіштер үздіктердің бірі болып табылады.

Алматының әлеуетті халықаралық қаржы орталығы ретіндегі әлсіз жақтары:
корпорациялық және жеке салықтар бойынша жоғары ставкалар;
қаржы саласында бай тарихтың жеткіліксіздігі және сондықтан шетелдік инвесторлар тарапынан сенімсіздік болуы ықтимал;
коммуникацияның арзан және жедел жүйесінің жоқтығы;
қылмыстың жоғары деңгейі;
қаланың экологиялық жағдайы (қаланың жалпы газдануы, ластануы);
көлік құрылымы (әуежайдың өткізу қуатының төмендігі, жол сапасының нашарлығы, теңіз порттарының болмауы);
экономиканың неғұрлым тартымды секторының жекешелендірілуі;
еркін экономикалық аймақ құрудағы тәжірибенің жеткіліксіздігі болып табылады.

К ү ш т і ж а қ т а р ы :

Е л д і к ж а ғ д а й л а р :

Қазақстан мен көрші елдер арасындағы экономикалық және сауда ынтымақтастығының елеулі әлеуеті, сондай-ақ Алматы қаласының географиялық жағынан қолайлы орналасуы перспективада орталық-азиялық өңірді, Батыс Қытайды, Ресейдің ірі өңірлерін қамтитын қаржы орталығын құруға бағдарлануға мүмкіндік береді;

орыс тілі қазақ тілімен қатар қолданылады, бұл Ресейдің және бұрынғы КСРО мен Шығыс Еуропаның басқа елдерінің қаржы ұйымдары үшін тартымды

ф а к т о р б о л ы п т а б ы л а д ы ;
саяси тұрақтылық, елеулі экономикалық өсу және экономиканың одан әрі
өсуінің ж а қ с ы п е р с п е к т и в а л а р ы ;
дамыған елдермен салыстырғанда ресурс құнының (ең алдымен адами
ресурстардың) т ө м е н д і г і ;
әр алуан табиғи жағдайлар (спорт түрлерімен айналысу мүмкіндігі және т.б.)
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ж е р г і л і к т і ж а ғ д а й л а р :

көрші елдермен салыстырғанда дамыған қаржы жүйесі, сондай-ақ қаржы институттарының түрлі, оның ішінде шетелдік капитал қатысатын типтерінің айтарлықтай шоғырлануы, бұлар жүзеге асырылатын операциялардың көлемі жағынан жақын маңдағы мемлекеттердің астаналарын - Бішкекті, Ташкентті, Душанбені, Ашғабатты және Бакуді басып озады;
жеткілікті, ең алдымен зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың және екінші деңгейдегі банктердің есебінен жоғары инвестициялық әлеует, бұл қазірдің өзінде көрші мемлекеттердің эмитенттерін
қ ы з ы қ т ы р а б а с т а д ы ;

ТМД-ның басқа елдерімен салыстырғанда қаржы рыногын қадағалау мен
р е т т е у д і ң д а м у ы ;

Алматы көрші мемлекеттердің ірі қалаларынан мұнда төлемге қабілетті қаржы қызметтерін тұтынушылар ретінде мүдделілік туғызатын жеке кіріс деңгейі жоғары адамдардың - шетелдік те, қазақстандық та азаматтардың жеткілікті саны тұрып жатқандығымен тиімді ерекшеленеді.

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, халықаралық қаржы орталығы мәртебесіне көшкенге дейін Қазақстанның қазіргі **бәсекелік артықшылықтарын** одан әрі дамыту және мынадай жаңаларын құру қажет:

елдің қаржы рыноктары өздерінің ағымды ролін нысаналы өңірге белсенді қатысу роліне дейін өрістетуі тиіс;

Қазақстанда орналасқан қаржы ұйымдары өңірдің активтерін белсенді шоғырландыруы және бөлуі, сондай-ақ өңірден тыс орналасқан халықаралық қаржы рыноктарымен байланыстырушы қызмет атқаруы тиіс;

қаржы делдалдары қаржы активтерінің ауқымды спектрін белсенді сатуы және листингтік құралдардың елеулі рыногын құруы, сол арқылы капитал рыногы жетістігінің ажырамас бөлігі болып табылатын шектен тыс өтімділікті
қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с ;

қаржы рыноктары мен делдалдар әлемдегі басқа қаржы орталықтарымен және делдалдармен байланысты дамыту арқылы халықаралық қауымдастыққа
т е р е ң и н т е г р а ц и я л а н у ы т и і с ;

тартымды (инновацияларды және ең аз тәуекелді креативтілікті

көтермелейтін) бизнес және бизнесті жүргізу үшін әлеуметтік орта құру; рейтингтер, қор индекстері сияқты өнімдердің пайда болуына және оларды жетілдіруге ықпал ету.

Қазақстан қаржы ұйымдарының қызметін реттеу сияқты көрсеткіш бойынша өңір елдерін басып озғанын айырықша атап өту керек. 2004 жылы барлық қадағалау және реттеу функциялары мамандандырылған орган - Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі шеңберінде біріктірілді.

2004 жылы Қаржы секторын бағалау бағдарламасы (FSAR) мен ақшаның жылыстауымен күрес және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет бағдарламасы (АЖК/ЛҚК) бойынша Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) мен Дүниежүзілік Банктің (ДБ) бірлескен миссиясында қазіргі заңнама базасы үздік халықаралық тәжірибеге сай екендігі атап өтілді. Сонымен бірге қазіргі үрдісті тиімді енгізудің және оны одан әрі жетілдірудің қажеттігі де атап өтілді. Атап айтқанда, Халықаралық бағалы қағаздар жөніндегі комиссия ұйымы (IOSCO) және Халықаралық сақтандыруды қадағалау қауымдастығы (IAIS) белгілеген ең төменгі талаптарымен тиімді банктік қадағалаудың түйінді қағидаттарына толық сәйкес келу үшін қаржы ұйымдарының менеджменті - шоғырландырылған қадағалаудың тиімділігімен тәуекелдік жүйенің мониторингі тәжірибесін одан әрі кеңейту ұсынылған.

Қазіргі уақытта Алматы қаласында халықаралық (өңірлік) қаржы орталығын құру тұжырымдамасы Қазақстан экономикасы және қаржы рыногына тұтастай әлсіз және күшті жақтарының тән екендігін көрсетеді.

Орталықты халықаралық деңгейде мойындау үшін, халықаралық компаниялар тарапынан сенімділік пен қызығушылық тудыратындай орталық қызметін жүзеге асыратын заңнамалық және реттеуші ортамен қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл үшін әлемнің озық қаржы рыноктарында қолданылатын реттеу және қадағалаудың жоғары стандарттарына сәйкес келетін, қызметіне жағдай жасауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құқықтық орта құру аса қажет.

Ұсынылып отырған қаржы орталығы тұжырымдамасы әлемдік үздік қаржы орталықтарының тәжірибелерін есепке ала отырып, құқықтық орталық құруға мүмкіндік береді, сонымен бірге қолданыстағы қазақстандық заңнамаларға көбірек бейімделген.

Сонымен бірге, қазіргі кезеңде қаржы аймағына қатысушыларды құру, тіркеу, реттеудің егжей-тегжейлі тәртібін әзірлеу мүмкін емес екендігін, тек қаржы орталығын құру жобасына техникалық-экономикалық негіздеме жүргізгеннен кейін ғана мүмкін екендігін атап өту керек. Жобаның ТЭН-сі өңірлік рыноктың көрсеткіштерін, әлеуетті инвесторларды, күтіліп отырған қаржы ағындарын және қаржы қызметтерінің түрлерін анықтауы тиіс.

Жоғарыдағы аталған артықшылықтардың көп бөлігін жүзеге асыру қазірдің

өзінде жекелеген бағдарламалық құжаттарда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 шілдедегі N 753 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасында, Сақтандыру рыногын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауында жатқан Бағалы қағаздар рыногын дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған бағдарламасында айқындалған.

3. Алматы қаласындағы халықаралық (өңірлік) қаржы орталығының құқықтық мәртебесі

3.1. Орталықтың қызметін реттейтін заңнама

1. Орталықтың қызметін реттейтін заңнама қолданыстағы Қазақстан Республикасы Конституциясына толық негізделетін болады. Орталық құру негізгі заңға өзгерістер енгізуді талап етпейді, басқа мемлекеттердің моделдерін толық көшіру және Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделмеген мемлекеттік институттар құру жоспарланбаған.

2. Бұдан басқа, бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының заңнамасы орталыққа таңбалық нысандарды реттейтін нормалардан тұрады. Сөз "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттелетін арнайы экономикалық аймақтық институт туралы болып отыр.

Алайда орталық бүгінде Қазақстан аумағындағы қазіргі арнайы экономикалық аймақтардан (бұдан әрі - АЭА) қағидаттық өзгешеліктерге ие.

АЭА аумағындағы айырықша құқықтық режим салық және кедендік артықшылықтармен шектелген.

Орталықтың аумағында, оның тиімді жұмыс істеуіне Қазақстанның басқа аумағындағы қолданыстағы азаматтық және қаржылық заңнамалардан бірқатар өзгешеліктерді салық және кедендік жеңілдіктерімен тең қарастыратын құқықтық режим құру қажет.

Мысалы, орталықтың аумағында акционерлік қоғамдардың құрылуы мен жұмыс істеуіне жеңілдетілген тәртіптер, шетелдік компаниялардың өкілдіктерін тіркеуді жеңілдететін тәртіптер, шетелдік компаниялар үшін қаржы қызметі рыногына шығуға қойылған кейбір шектеулерді алып тастау және т.б. қарастырылады. Ерекшеліктерді белгілейтін құқықтық режим құру, қылмыстықтан басқа, құқық салаларының барлығында өте күрделі болып табылады.

Сондай-ақ, салық жеңілдіктері мен преференциялар көлемі барлық АЭА үшін сәйкестендірілгенін назарға алу керек. Бірқатар өзіндік ерекшеліктердің өлшемдеріне, мысалы, қаржы орталығының географиялық орналасуы, тиісінше тартылатын қаржы ағындарына байланысты қаржы орталықтары үшін құқықтық режимдердің бірыңғай болуы мүмкін емес.

Жоғарыда айтылған себептерге байланысты "Алматы қаласының қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңын қабылдауға бастама көтеріледі.

"Алматы қаласының қаржы орталығы туралы" Заңмен бір уақытта заңнамадағы қайшылықтардың алдын алу мақсатында қолданыстағы заңнамаларға түзетулер әзірлеу қажет.

Бұл арнайы құқықтық режим белгілейтін, қатынастар саласын реттейтін қолданыстағы барлық заңнамаларға өзгерістер енгізу қажеттігін білдіреді.

Оның мазмұнына байланысты Қазақстан Республикасының Азаматтық, Салық, Бюджет Кодекстеріне, шаруашылық серіктестіктер туралы және т.б. заңнамаларды құрайтын заңдарға өзгерістер енгізуді қажет етуі мүмкін.

Өзгерістер негізгі заңмен бір уақытта қабылданады, өйткені, біріншіден, мүмкіндігінше заңнамада қайшылықтардың пайда болуын мүлдем болдырмау, екіншіден, жоғары тұрған нормативтік құқықтық кесімдерге (мысалы, кодекстерге) өзгерістер енгізбей қолдануға қолданыстағы кесімдердің баспалдақтығы мүмкіндік бермейді.

3.2. "Алматы қаласының қаржы орталығы туралы" Заң

Бұл Заңмен Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабына сәйкес келуі қажет Заң деңгейінде қабылданған мәселелер реттелетін болады. Аталған бап заңнамалық кесімдермен ғана реттелуі мүмкін қатынастар тізбесін анықтайды. Заңдағы мемлекеттік органдардың өкілеттігі сәйкес келгенде, барлық басқа қатынастар кіші заңи кесімдермен реттелуі мүмкін.

Атап айтқанда, Заңда мынадай мәселелер шешілетін болады:

1. Орталықтың ұйымдық-құқықтық нысаны.
2. Орталықтың аумағы.
3. Орталық қызметінің қағидаттары.
4. Орталық аумағында тіркелуге тиісті субъектілер.
5. Қызмет түрлері.
6. Басқару органдары.
7. Орталық аумағында субъектілерді тіркеу тәртібі.
8. Орталық аумағында еңбек заңнамалары.
9. Қаржы ұйымдарының қызметін қадағалау мен реттеу қағидаттары.

10. Орталық аумағындағы тілдер.

11. Ақша бірлігі.

12. Жеңілдіктер және преференциялар.

3.2.1. Орталықтың ұйымдық-құқықтық нысаны

Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа құқықтық режимдерден өзгеше, арнайы аумақты (зона) шекаралармен айқындаған арнайы құқықтық режим жұмыс істейтін орталық құру көзделіп отыр.

Мазмұны бойынша арнайы құқықтық режим өзінің қызметін орталық аумағында жүзеге асыратын және оның аумағында тіркелген тұлғалар үшін бірқатар жеңілдіктермен преференциялардан тұратын болады. Қаржы ұйымының нақты қатысу қажеттілігін көздей отырып Алматы қаласының халықаралық (өңірлік) қаржы орталығы *оншорлы* болады.

Арнайы құқықтық режим Қазақстан Республикасы Парламенті қабылдайтын заңдармен қамтамасыз етілетін болады. Парламент қабылдаған заңдарды жүзеге асыру мақсатында кіші заңи нормативтік құқықтық актілер шығарылатын болады. Мысалы, қаржы ұйымдары және қаржы рыногын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган, орталықты басқаратын әкімшілік орган.

Қаржы орталығының дубайлық моделіне сәйкес, орталық белгілі бір аумақта құрылатын заңды тұлға болып табылады. Орталық аумағында тек қылмыстық заңнама жарамды, қаржы және азаматтық заңнамалар орталықтың өзінің реттеуші органымен белгіленеді.

Мынадай себептерге байланысты Қазақстан Республикасының жағдайында нақ осындай орталық құру мүмкін емес.

Біріншіден, Қазақстан үшін заңда тұлға нысанындағы орталық құру тиімсіз. Мемлекеттің барлық заңнамасы құрылатын негізгі қағидаттардың бірі, заң алдында барлық заңды тұлғалар, оның ішінде мемлекет құратын заңды тұлғалардың теңдігі қағидаты болып табылады. Ал заң алдындағы теңдік қағидаты мемлекеттің заңнамалық деңгейде барлық ұйымдардың шаруашылық жүргізулері үшін бірдей құқықтық жағдайлар жасауды көздейді.

Бұдан басқа, біздің заңнамалар шеңберінде орталықты заңды тұлға нысанында құру, орталықтың ішінде басқа заңды тұлғалар, өкілдіктер, филиалдар және т.б. құруға мүмкіндік бермейді.

Екіншіден, Қазақстан Республикасы бірыңғай құқықтық жүйесімен біртұтас мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасының Парламенті, Конституцияда тікелей анықталған жағдайларды қоспағанда, заңнамалық кесімдер қабылдау құқығына ие жалғыз мемлекеттік орган болып табылады.

Осыған байланысты мемлекет аумағының бір бөлігінде өздігінен құқықтық

жүйені анықтайтын өкілеті бар реттеуіш органның орталық аумағында жұмыс істеуі, Республиканың Конституциямен елдің аумақтық қауіпсіздігіне қайшы келетін болады.

3.2.2. Орталықтың аумағы

Орталықтың аумағын анықтауда екі нұсқа қарастырылуда:

- 1) Алматы қаласының бүкіл аумағы;
 - 2) Алматы қаласының белгілі бір бөлігінің аумағы.
- Әрбір нұсқа өзінің оң және теріс жақтарына ие.

Орталықты қала аумағында құрудың басымдылығы, қаланың бір бөлігі аумағында құрылғандағы жеке бөлігінің ғана емес, бүкіл қаланың дамуы болып т а б ы л а д ы .

Қаланың бүкіл аумағындағы тиісті инфрақұрылымдардың дамуының ұзақтығы мен күрделілігі айқын кемшілік болып табылады, бұл ретте, орталықты қала аумағының белгілі бір бөлігінде құру шетелдік инвесторларға тартымды инфрақұрылымдарды жылдам құруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, орталықты Алматы қаласы аумағының белгілі бір бөлігінде құруды орынды деп санаймыз. Орталықта жедел іске қосу және жеке бөлінген анклавтағы нақты инфрақұрылымдар құруға кететін үлкен шығындарды болдырмау мақсатында орталық, қызмет етуінің бастапқы кезеңінде виртуалды бөлінген болып табылатын болады, яғни қаржы орталығының офисі Алматы қаласы аумағының географиялық кезкелген нүктесінде орналаса алады.

Бұл ретте, орталықты құру туралы заңмен, тіркелуді сақтау үшін орталықтың нақты аумағында компания өз офисін ашуға тиісті мерзім белгіленуі қажет.

3.2.3. Орталық қызметінің қағидаттары

Резидент еместердің пайдасына операцияларды іске асыру
Ережелер мен нұсқаулықтардың ашықтығы және қарапайымдылығы

100%-дық шетелдік иелену мүмкіндігі

Капитал мен кірістерді толық еліне қайтару мүмкіндігі

Тиімді және банкті реттеуіш режим

Қ о л ж е т і м д і л і к

Сервис пен техникалық инфрақұрылымның жоғары сапасы

3.2.4. Орталықтың аумағында тіркеуге жататын субъектілер

Орталықта банктер, инвестициялық банктер, сақтандыру компаниялары, активтерді басқару компаниялары, зейнетақы қорлары, хеджирингтеу қорлары, бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылар сияқты, орталық аумағында рұқсат етілген қызметтерді жүзеге асыратын компаниялар қызметтерін жүзеге а с ы р у ы м ү м к і н .

Компаниялар басқа елдердің аумағында инкорпорацияланған (резидент еместер), сондай-ақ орталық аумағында инкорпорацияланған, яғни резидент еместер болуы мүмкін.

3.2.5. Орталықтың аумағында рұқсат етілген қызмет түрлері

Орталық аумағында рұқсат етілген қызмет түрлері негізгі және қосалқы болып бөлшектенетін болады.

Қызметтің тікелей негізгі түрлеріне қаржы қызметтерін көрсету болып табылады. Қосалқы қызметтің түрлері орталықта компанияларға бухгалтерлік және аудиторлық қолдау, техникалық қамтамасыз ету қызметтерін қосады.

Алматы қаржы орталығы ұзақ мерзімді перспективада мынадай қаржы қызметтеріне маманданатын болады:

банктік қызметтер көрсету;
капитал рыногы;
активтерді басқару;
сақтандыру және қайта сақтандыру;
бэк-офис операциялары;
ислам қағидаттарымен сыйысымды қаржы қызметтері.

Қызметінің бастапқы кезеңінде орталық мынадай негізгі секторларға көзделетін болады:

банктік қызметтер көрсету;
капитал рыногы;
ислам қағидаттарымен үйлесімді қызметтер.
Банктік қызмет көрсету

Қазақстанның банк секторы ұлттық қаржы жүйесінің ең үлкен сараланымы болып табылады. Шетелдік сарапшылардың бағалауына сәйкес банктер басым болатын республиканың қаржы секторы, экономиканың жылдам дамушы секторының бірі болып табылады. Бұл процеске салық-бюджеттік саясатының сақтық бағытының қолдауы арқасындағы қолайлы макроэкономикалық конъюнктура, мұнайдан түсетін кірістердің өсуі, сондай-ақ елдің қаржы жүйесін шешімді реформалауға бейілділігі.

Қазақстандық банктерде елеулі инвестициялық әлеуеттің жинақталуы, "географиялық" көрші Қырғызстан, Ресей, Беларусь, Украинада қатысу кеңейуіндегі осы елдердің экономикасын олардың инвестициялау жоспарларымен байланысты түсіндіріледі.

Капитал рыногы

Орталықтың негізгі даму бағыттарының бірі, "Секьюритилендіру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасында құрылуы қарастырылған арнайы заңды тұлғалардың (Special Purpose Vehicle) мүмкіндіктерін пайдалану болуы мүмкін. Халықаралық капитал рыногына шығуға қажет шығындарсыз, орталық

басқа ұйымдардың талап ету құқықтарына шегіну арқылы бұл тұлғаларға бағалы қағаздар шығаруға мүмкіндік беру ішкі және сыртқы инвесторлардың елеулі қаражатын тартуға мүмкін етеді.

Өңірде шоғырланатын институционалдық инвесторлардың, атап айтқанда, зейнетақы қорлардың, инвестициялық қорлардың қаражатын пайдалану үшін елеулі әлеует өмір сүруде.

Қор және фьючерлік биржалар құру, бағалы қағаздар рыногының тоқтаусыз қызметін қамтамасыз ететін және оны әлемдік қаржы рыногына аталған биржалардың автоматтандыру деңгейін көтеру жолымен дамыған елдердің биржаларымен және әлемдік озық биржалармен өзара мойындаулар туралы келісімдерге қол қою деңгейіне дейін интеграциялау қажет етіледі.

Ислам қағидаттарымен сыйысымды қаржы қызметтерін көрсету

Дүниежүзілік ислам қаржы жүйесі әлемнің 75 елін қамтиды және 2003 жылы наурыздағы жағдайы бойынша мөлшері 230 млрд. долларды иеленген. Дүниежүзілік ислам инвестициялық рыногының көлемі 1 трлн. АҚШ доллары мөлшерінде бағаланады.

Орталық Азия елдерінің тарихи халқының негізгі бөлігі исламды ұстанады. Сонымен бірге, соңғы уақытқа дейін орталықазия елдерінің тұрғындары сәйкес келетін заңнамалық негіздердің болмауына байланысты мұндай мүмкіндіктерден айырылған.

Бұл ретте, аталған қызмет көрсетулердегі дүниежүзілік үрдіс тек мұсылман елдеріне ғана емес Англия, Германияға да тән. Бірнеше неміс банктері "сукук" аталатын ислам бондтарын (өтімді емес, пайыздық тәуекелдікке сезімталдығы аздау) шығарды. Бұдан басқа, Англияда бірінші ислам банкі 2003 жылы наурызда жарияланса, ал 2004 жылы қыркүйекте лицензия алды және қызметін бастады.

Ислам терезелерін құру Қазақстанға ислам банк ісін енгізуде басымдылыққа ие болады. Қазіргі уақытта осындай жүйеге Қазақстандағы коммерциялық банктер тарапынан қызығушылықтар пайда болуда. Одан әрі ұсынылған ислам банкі қызметтері спектрлерінің кеңейу мүмкіндіктеріне қарай жеке алғандағы ислам банкі құрылуы мүмкін.

Қолдағы бар ақпараттарға қарағанда ағымдағы жылда Азербайжан Республикасында ислам банкінің құрылғандығы туралы жарияланған, бірақ оның қызметі үшін тиісті заңнамалардың болмауына байланысты оны тіркеуден бастартқан.

Орталық аталған бағытта жақсы перспективаларға ие.

3.2.6. Басқару органдары

Мемлекеттік органдардың жүйесі орталық аумағында қызметін жүзеге асыратын субъектілерді тіркеу тәртібі максималды жеңілдетілген болатындай, ал

олардың қызметі олар үшін барынша аз қолайсыздықтармен жүзеге асырылатындай етіп құрылатын болады.

Мынадай органдарды құруды ұсынамыз:

1. О р т а л ы қ К е н е с і

Қазақстан Республикасы Президентінің төрағалық етуімен, орталық органдарының, орталық аумағында инкорпорацияланған қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасы даму институттарының жетекшілерінің, Алматы қаласы әкімінің қатысуымен тұрақты жұмыс істейтін орталықтың кеңесуші жоғарғы жетекші органы құрылатын болады.

2. О р т а л ы қ т ы ң әкімшілік органы

Әкімшілік орган мемлекеттік мекеме нысанда құрылатын болады (мысалы, Д и р е к ц и я) .

Орталықтың негізгі міндеттері орталықтың және оны пайдаланушылардың мүдделерін ұсыну, сондай-ақ, "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдарға жүктелген міндеттерді орындау. Бұл ретте, орталық аумағын Алматы қаласы жергілікті атқарушы органның юрисдикциясынан шығарудың да маңыздылығы аз емес болып табылады.

Ә к і м ш і л і к о р г а н :

тартылған компаниялардың олардың барлық бағыттағы қызметтерімен жұмыс істеу (рекрутинг бойынша ақыл-кеңес, өндірісті орналастыру, мемлекеттік органдармен, сала өкілдерімен байланыс, заңды, бухгалтерлік фирмаларды, басқа қосалқы фирмалармен қызметтерді және т.б. іріктеу);

Алматы қаласы аумағындағы жұмысшы офистерді орталықтың қаржы ұйымдарының одан кейін пайдалануы үшін жалдау;

Орталықтың құрылысы бойынша және қолдау көрсететін жобаны жүзеге а с ы р у ;

жер учаскелерін жалға алатын рұқсаттар беру;
ғимараттар мен инфрақұрылымдардың құрылысы бойынша мердігерлермен к е л і с і м д е р ж а с а у ;

Орталықтың инфрақұрылымдарының дамуы үшін инвестицияларды тарту;
м а р к е т и н г т і к ш а р а л а р ;

Орталықта инкорпорацияланған компанияларды тіркелімді енгізу;
Орталықты пайдаланушылармен олардың клиенттерін тиісті қорғаумен қ а м т а м а с ы з е т у ;

Орталықтың инфрақұрылымының, оның коммуналдық және құрылыстық ә к і м ш і л і г і н қ о л д а у ;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл; жоғарыда берілген шаралардың орындалуын үйлестіру үшін жауапты.

Орталықтың ұйымдарының Қазақстан Республикасы шаруашылық

субъектілерімен кез келген мәселелер туындағанда, біріншінің мүдделерін әкімшілік орган ұсынатын болады.

3. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (одан әрі - уәкілетті орган), тәуелсіз орган болады, орталық субъектілерінің қызметін бақылауға өкілетті, оларды тіркеуді жүзеге асырады.

Уәкілетті органның:

орталықтың тұтастығымен ашықтығын, тиімділігін қолдау және қамтамасыз ету;

орталық аумағында қызметін жүзеге асыру үшін рұқсат (тіркеу) беру; үздік халықаралық заңнамалардың стандарттарына сәйкес келетін нормативті және реттеуіш кесімдер әзірлеу;

орталықта пайдаланушылар мен әлеуетті пайдаланушылардың сенімділігін қолдау және қамтамасыз ету;

орталықтың қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, мысалы тәуекелдік жүйені минимизациялау жолымен;

орталықтың беделін бүлдіруі мүмкін бизнес жүргізудің алдын алу және болдырмау;

қаржы қызметтерінің жаңа түрлерін дамыту міндеттері болады.

Қызметтің негізгі қағидаттары:

Алматы қаласын қаржы қызметтері орталығы ретінде бағыттандыруына жәрдемдесу,

Орталықтың бәсеке қабілеттігіне жәрдемдесу және қолдау, қорларды көбірек тиімді түрде пайдалану, оның көпшілік мойындаған корпорациялық басқарудың қағидаттарымен сәйкестілігі болады.

Уәкілетті органның қызметін қаржыландыру рынокқа қатысушылар алымдары есебінен жүзеге асырылатын болады.

Алымдардың мынадай түрлері ерекшеленетін болады:

заңда ұйғарылған функцияларды жүзеге асыруға қажетті қаржыландырудың көп бөлігін қамтамасыз ететін жыл сайынғы қадағалау алымы. Уәкілетті органның мұқтаждығынан сома жыл сайын қайта қаралады;

заңға сәйкес немесе уәкілетті органның талаптарына сәйкес жекелеген өтініштерді өңдеу барысында пайда болатын шығыстардың көп бөлігін жабатын, қызмет көрсеткені үшін алынатын алым. Аталған алым лицензия алуға ниет білдіруші фирмалардан алған өтініштерді өңдеу құнын өзіне қосады. Бұл төлем қазіргі уәкілетті тұлғалар лицензияларына елеулі өзгерістер алғысы келсе де алынады. Аталған алым рұқсат беріле ме немесе жоқпа оған қарамастан төленуі тиіс, бірақ ол қалпына келтірілмейтін болады;

жарналар төлеушілердің өтініші бойынша жүзеге асырылатын және оларға

арналған үлкен пайда, мысалы бизнесті беру реттеуіш қызметтері бойынша жобалар үшін алынатын алым.

Жыл сайынғы алымдардың жалпы сомасы орталықтың мұқтаждығына жұмсалады. Уәкілетті орган өзіндік инвестициялық саясатына сәйкес өзінің уақытша бос қаржы қорларын инвестициялау құқығына ие болатын болады.

Алым бизнестің көлеміне емес, қадағалауды жүзеге асыруға кеткен уақыт пен күш-жігерге байланысты болады.

Уәкілетті органның қызметінен түскен кірістерге салық салынбайтын болады.

Уәкілетті органның қызметі жыл сайын "Үлкен төрттік" қатарынан халықаралық аудиторлық ұйымдар тексеретін болады.

Уәкілетті орган ең соңғы инстанциядағы несие беруші болып табылмайды, қаржы ұйымы халсіз болғанда немесе орталықтың талаптарына сәйкес келмегенде оның лицензиясы қайтарып алынады.

Уәкілетті органның жұмысына банк, сақтандыру секторларында, бағалы қағаздар рыногында, шет мемлекеттердің реттеуіш органдарында, консалтингтік компанияларда жұмыс істеген, қаржы қызметтерін көрсететін саланың стратегиясын әзірлеу бойынша консультациялар ұсынуға маманданған, тәжірибелі халықаралық-мойындалған кәсіпқойлар тартылатын болады.

4. Орталық аумағындағы соттар.

Орталықтың аумағында аралық сот сипатын алатын және өзінің регламентіне сәйкес шаруашылық дауларды қарайтын арбитраждық сот құрылатын болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 тамыздағы N 883 қаулысымен енгізілген "Аралық соттар туралы" Заңының жобасы жатыр.

Аталған заңның жобасына сәйкес егер аралық соттың шешімі белгіленген мерзімде еркімен орындалмаса, онда ол мәжбүрлеп орындатуға жатады. Аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату, аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындатуды күзіретті сот берген атқарушы қағаз негізінде аралық соттың шешімін орындау сәтінде әрекет етуші өндірісті атқарушының ережелері бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте, аралық сотпен белгіленген орындаушы қағазын беру туралы өтінішті қарау барысында тиісінше күзіретті сот жағдаятты зерттеуге немесе аралық соттың шешімін мәні бойынша қайта қарауға құқықты емес.

Аталған заң жобасы қабылданған соң Қазақстан Республикасындағы арбитраждың дамуындағы басты кедергі болып табылған - мемлекеттің арбитраждық соттардың шешімін мойындау мәселесі шешілетін болады.

Қажет болған жағдайда орталықтың аумағында Қазақстан Республикасының мамандандырылған экономикалық соты құрылатын болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Азаматтық процессуалды кодексі мамандандырылған ауданаралық соттардың болуын көздейді. Сондықтан қаржы орталықтарында мамандандырылған экономикалық соттар құруға рұқсат беретін Қазақстан Республикасы АПК-ға өзгерістер енгізу мүмкін деп есептейміз.

3.2.7. Орталықтың аумағындағы субъектілерді тіркеу тәртібі¹

Тіркеулерді рәсімдеу максималды жеңілдетіледі және еркін экономикалық аймақтарда ұйымдарды тіркеудің ең үздік халықаралық тәжірибелеріне сәйкес келетін етіп әзірленетін болады.

Тіркеу уақыты алдын ала шарттарға байланысты, компаниялар бір күнде тіркелуі мүмкін.

Негізгі міндеттері мыналар болатын орталықтың әкімшілік органы жанынан фронт-деск ұйымдастырылатын болады.

Орталық қызметінің негізгі қағидаттарын түсіндіру, оның органдарының қызметін түсіндіру, компаниялар мекемелерінің рәсімін түсіндіру, орталықтағы қызметі үшін қажетті құжаттар пакетін дайындау мен толтыруға жәрдемдесу,

рекрутинг бойынша ақыл-кеңес, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарымен, сала өкілдерімен байланыс, заңды, бухгалтерлік фирмаларды, басқа қосалқы фирмалармен қызметтерді және т.б. іріктеу.

¹ Осы ережелер қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу қағидаттары 3.2.9. бөлімінде де ескерілді.

Әкімшілік органының офисіндегі, сондай-ақ орталықтың ресми вебсайтындағы қол жетімді таныстыру брошюралары мен егжей-тегжейлі жетекшілік аталған процестің бөлінбейтін бөлігі болады.

Ұйымдардың атаулары

Ұйымдардың атаулары латын алфавитімен кез келген тілде болуы мүмкін. Бұл ретте, ұйымдардың атаулары лицензиясы жоқ қызметтің түрін қосатын болмауы керек, мысалы: ұйымдардың мынадай атаулары сәйкес келетін лицензиялармен қамтамасыз етілуі тиіс: Bank (банк), Loans (несие), Insurance (сақтандыру), Assurance (өмірді сақтандыру), Re-Insurance (қайта сақтандыру), Fund Menegement (қорларды басқару), Investment Fund (инвестициялық қорлар), Trust (траст), Trustees (сенімді тұлға), Chamber of Commerce (сауда палатасы) немесе қаржы секторымен қауымдастығын болжауды мүмкін ететін олардың басқа тілдердегі эквиваленті немесе басқа тілдегі әлде ағылшын тіліндегі кез келген атау.

Атауларға қатысты шектеулер:

қазіргі және ұқсас атаулар сияқты кез келген атаулар негізгі халықаралық компаниялардың жазбаша рұқсатынсыз кез келген атау болады.

3.2.8. Орталықтың аумағындағы визалық режим және еңбек заңнамасы

Халықаралық қаржы орталығына келуші тұлғалар үшін қолайлы визалық режим жасау мақсатында мынадай шаралар қабылданатын болады:

халықаралық қаржы орталығына кіруші тұлғалар үшін 90 тәулік мерзімге дейін орталық аумағында ғана жарамды визалардың жекелеген санаттарын енгізу ;

осы визаны алушы тұлғаларды консулдық алымнан және ішкі істер органдарына тіркелуден босатуға мүмкіндік беру;

экономикасы дамыған және саяси тұрақты елдердің (Қазақстан Республикасының ҰҚК келісу бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ және СІМ айқындалатын Тізбеге сәйкес) азаматтары үшін шақыртусыз визаларды ресімдеу мүмкіндігін пысықтау, басқа жағдайларда орталық аумағында инкорпорацияланған ұйымдардың шақыртуы бойынша;

Иммиграциялық саясат либералды жағдайларда жүзеге асырылатын болады. Рұқсат алу процесін жеңілдету үшін орталықта шетелдік жұмысшы күштерін тартуға рұқсат беретін арнайы комитет құрылады, олардың қызметтеріне орталықтағы ұйымдар аса мұқтаж. Жұмысқа жедел кірісіп кетуді қажет ететін өтініш берушілер, олардың өтініштері қараудан өткенше жұмыс істеуге уақытша р ұ қ с а т а л а т ы н б о л а д ы .

Мемлекет үшін жоғары экономикалық тиімділікке қол жеткізу мақсатында тек ғана кәсіпқой санаттағы иммигранттарды тарту мүмкіндігі қарастырылатын болады. Жұмыс істеуге рұқсат алған иммигранттарға көпмәртелік кіру визасы б е р і л е д і .

Орталықтың аумағында орналасқан ұйымдардың жұмыскерлеріне резиденттік белгілеріне қарамастан Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасы таратылатын болады.

3.2.9. Қаржы ұйымдарының қызметін қадағалау және реттеу қағидастары

Қадағалау және реттеу саясатын әзірлеуде Уәкілетті орган басшылыққа а л а т ы н н е г і з г і қ а ғ и д а т т а р :

реттеудің жоғары стандарттары, сондай-ақ, шектен шықпайтын ретке келтіру,

инвесторлардың мүдделерін қорғау мен қаржы рыногын дамытуға жәрдемдесу арасындағы рационалдық теңгеріммен келісілген және ашық р е т т е у і ш р е ж и м .

Қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық кесімдерге, орталық аумағында

инкорпорацияланған қаржы ұйымдардың қызметін реттеу және қадағалауға бағытталған жекелеген нормалар мен ережелер енгізілетін болады. Аталған нормалардың мәні, орталықтың қаржы ұйымдарын қаржы қызметтері рыногына қол жеткізуге шектеу келтіретін кез келген әрекеттер саласынан шығару, яғни қаржы ұйымдарына қатынасты шектеулер тек пруденциалдық сипатымен қорытындыланады. Аталған нормалар мынадай халықаралық қағидаттарға, Банктік қадағалаудың түйінді қағидаттары және Базель комитетінің басқа ұсыныстары, Халықаралық бағалы қағаздар рыногы жөніндегі комиссиясы ұйымының қағидаттары (IOSCO), сақтандырулық қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығының сақтандыру қадағалауы негізгі қағидаттары (LAIS), Қаржы есептіліктің халықаралық стандарттары, FATF 40+8 қағидаттарына толық сәйкес келетін болады.

Орталықтың қаржы ұйымдарының қызметін реттеуге бағытталған заңнамалық кесімдердің нормалары мен ережелері, үздік халықаралық тәжірибеге уақтылы сәйкес келтіру мақсатында және реттеу саясатының өзгермелі қажеттілігін көрсету саласын кезеңмен қайта қарау болады.

Мейілінше ашық ету мақсатында нормативтік құқықтық база орталықтың ресми сайтында орналастыру жолымен орталық ұйымдарымен келісулер және алдын ала таныстыру өтеді. Нормативтік құқықтық қор ағылшын тілінде жарияланатын болады.

Қаржылық берік қаржы ұйымдарын көбірек тарту мақсатында оларды капиталдандыру бойынша, сондай-ақ, ең аз рейтинг бойынша ең аз талаптар белгіленеді.

Қаржы ұйымдарын лицензиялауда назарға алынатын негізгі аспектілер: ұйымның заңдық мәртебесі және осы мәртебенің реттеуіш салдары, лицензия берушінің басқа ұйымдармен және юрисдикциялармен жақын байланысы,

иелену (жеке немесе корпорациялық),
реттеуіштік тарих,
басшылық құрамның кәсіби және моралдық жарамдылығы (fit and proper test),

тәуекелдікті басқару бойынша тиісті жүйенің болуы үшін алғышарттар,
ақшаның жылыстауының алдын алу рәсімдері.

Қаржы ұйымдарының корпорациялық құжаттары, олардың ағылшын тіліне аудармасы қамтамасыз етілген деген шартпен кез келген тілде болуы мүмкін.

Реттеудің қағидаттары тәуекелдіктің бағалауына, қаржы ұйымының қызметінің мәніне негізделеді (risk based supervision). Осылай, дистанциялық қадағалауды іске асыру бойынша жетекшілік пруденциалды нормативтер қабылданатын болады.

Орталық аумағында құру рәсімін жеңілдету мақсатында еншілес ұйымдармен тең филиалдар қызмет етуге мүмкіндік алады, оларды реттеуде уәкілетті орган негізінен бастапқы елдің уәкілетті органының реттеуіне сүйенетін болады. Осыған байланысты, басқа юрисдикциялық уәкілетті органдармен ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы келісім қаржы рыногын қадағалаудың негізгі элементтерінің бірі болады.

Уәкілетті орган орталық аумағында инкорпорацияланған қаржы ұйымдарынан өзінің өкілеттігін жүзеге асыру үшін қажетті кез келген ақпаратты с ұ р а й а л а д ы .

Орталық ашықтықты қамтамасыз ететін және инвесторлардың құқығын қорғайтын, сондай-ақ, заңсыз ақша жылыстатудың алдын алу және терроризммен күреске бағытталған барлық халықаралық конвенцияларына қосылады.

3.2.10. Орталықтың аумағындағы тілдер

Орталықтың аумағына мемлекеттік және орыс тілдерімен тең, үшінші, ағылшын-жұмыс тілін енгізу көзделуде.

3.2.11. Ақша бірлігі

2007 жылға дейінгі кезеңде орталық аумағында кең спектрде еркін-айырбасталатын валюталар (қаржы ұйымының таңдауы бойынша) - АҚШ доллары, Еуро және т.б. деноминацияланатын болады.

3.2.12. Жеңілдіктер мен преференциялар

1) С а л ы қ ж ү й е с і

Орталық аумағындағы қолданыстағы салық режимі мынадай қағидаттарға ж а у а п б е р е т і н б о л а д ы :

мемлекеттің және орталық аумағында тіркелген ұйымдардың мүдделерінің т е ң г е р і м і н с а қ т а у ;

орталық аумағында тіркелген ұйымдардың салық міндеттемелері орталықты ұстауға жұмсалатын қаражат көлемімен салыстырмалы болуы тиіс.

Салық режимінің мынадай екі нұсқасы болуы мүмкін:

1. Орталық аумағында тіркелген және қызметтерін жүргізуші ұйымдарды мүліктен және кірістен алынатын салықтардан толық босату режимін қатар қолданумен орталықтың инфрақұрылымдарын пайдаланғаны үшін оның пайдаланушыларынан алып қойылатын тіркелген төлем белгілеу.

2. Кейіннен қандай да бір салықтарды толық алып тастай отырып немесе керісінше, орталық аумағында тіркелген және қызметін жүргізетін ұйымдарға табыс және мүлік салықтарының төмендетілген ставкаларын қолдану.

Салық салу тетігі Орталық аумағында инкорпорацияланған субъектілерге салықтық тексеріс жүргізуге тыйым салатын нормаларды қамтуы тиіс. Қаржы ұйымдарының жыл сайынғы аудитін көздеу қажет. Салық органдары салық заңнамасын сақтау жөніндегі салықтық тексерістерді аудиторлық есептерді

тексеру арқылы жүзеге асырады. Бұдан басқа, қосарланған салық салуды болдырмау туралы мемлекетаралық келісімдерді жасасу орынды. Орталық компаниялары төлейтін сыйақы бойынша табыс салығын төлем көзінен ұстамау қажет. Орталық аумағындағы құрылыс жобаларына инвестициялау, инфрақұрылымды қолдау үшін, сондай-ақ халықаралық консультанттарды, тәуелсіз судьяларды Аралық сотқа тартумен байланысты шығыстарды төлеу үшін пайдаланылатын бюджеттен тыс арнайы қор құру мүмкіндігін қарау ұсынылып отыр. Бұл қорды Орталық аумағында алынған барлық алымдар мен салықтар есебінен қалыптастыруға болады. Инфрақұрылым салуды аяқтағаннан кейін қорға тек алымдарды ғана жіберген жөн.

2) Валюталық бақылау

Қызметін Орталық аумағында жүзеге асыруға лицензиясы бар барлық компанияларға валюталық заңнаманың жекелеген нормалары қолданылмайды. Бұдан басқа, валюталық бақылаудың оңайлатылған жүйесі жұмыс істейтін болады. Резидент еместермен және резидент еместердің пайдасына жасалатын операцияларға қатысты ғана Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы талаптарынан ауытқулар көзделетін болады.

Орталықта жұмыс істейтін лицензияланған барлық қаржы ұйымдары резидент еместермен де, Орталықтың лицензияланған басқа қаржы ұйымдарымен де операцияларды шетелдік валютада еркін жүзеге асыра алады.

Қазақстан Республикасы қаржы секторын дамыту тұжырымдамасы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымда N 705 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2005-2007 жылға арналған бағдарламасына сәйкес, Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасы негізінде 2007 жылға қарай валюталық операцияларға қатысты жекелеген шектеулерді алып тастауды айқындайтын валюталық қатынастарды ырықтандыру күтілуде, яғни теңгенің толық айырбасталуы қамтамасыз етіледі.

3.3. "Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне Алматы қаласындағы халықаралық (өңірлік) қаржы орталығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң

Аталған Заң мынадай Қазақстан Республикасы заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар қарастыруы тиіс:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі .
2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (С а л ы қ к о д е к с і) .
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық-іс жүргізу кодексі .
4. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі .
5. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан

6. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .
7. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .
8. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .
9. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .
10. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .
11. "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .
12. "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .
13. "Валюталық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .
14. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .
15. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .
16. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексі

4. Орталықтың инфрақұрылымын дамыту

Алматыда қаржы институттары мен олардың клиенттері үшін жұмыс пен өмірге қолайлы жағдай жасау Халықаралық қаржы орталығын құру идеясын табысты іске асырудың басым артылықшылық жағдайлардың бірі болып т а б ы л а д ы .

Орталық бизнес жүргізетін қолайлы орын ретінде ғана қабылданбауы керек, ол және Алматы ойын-сауық пен демалыс үшін мүмкіндіктің максималды кең спектрін өзінің тұрғындарына ұсынатын, қалаға тұрақты және уақытша келгендерге жағымды қабылдануы керек.

Бұл міндеттерді шешу үшін:

1) әуе компанияларының ұшу бағыттарының "географиялық" кеңеюін, сондай-ақ, Алматы әуежайы халықаралық терминалының кеңеюін қоса Орталық Азия өңірі елдерімен байланыстыратын көлік желісі құрылатын және жұмыс і с т е й т і н ;

2) Алматы-Бішкек, Алматы-Хоргос, Алматы-Ыстықкөл, автомобиль жолдары , оларды жоғары жылдамтықтыға (мүмкін ақылы) және жайғастырылған үлгідегі магистралға айналдырылып, қайта құрылатын;

3) баламалы құрылымдардың сервис деңгейі мен қызметін ұйымдастырудың қазіргі шетелдік тәжірибесіне бағдарланған - Алматының темір жол және автовокзал көлік тораптары қайта құрылатын;

4) Алматы автожолдары жайғастырылған қалыпқа келтірілген және қалалық

қоғамдық көлік жүйесі жаңғыртылатын;

5) соңғы техникалық жетістіктерге жауап беретін байланыстың телекоммуникациялық және пошта байланысы қызметтерінің дамуына жәрдем көрсетілетін;

6) халықтың қолма-қол ақшаға қажеттілігіне өз уақытында және толықтай қызмет көрсету, соның ішінде, банкоматтар желісінің кеңеюі мен үзіліссіз қызметті қамтамасыз етілетін;

7) әуе және темір жол көлігі салаларында, телекоммуникация және басқа салаларда "бизнес-сынып" (жоғарғы сапа) қызметтерін ұсынуды дамытатын;

8) Алматы ландшафты мен қалыптасқан сәулет үлгісін қолдауды бақылау жүзеге асырылатын;

9) Алматыда экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі барлық қажетті шаралар қабылданын;

10) Алматыға жақын немесе ішінде орналасқан табиғат объектілері, ең алдымен, Медеу, Шымбұлақ, Үлкен Алматы шатқалы, Алматы арқылы ағып өтетін өзендерге тұрақты тазарту жүргізілетін;

11) ойын-сауық пен демалыстың түрлі нысандарын құрумен дамыту үшін жеке кәсіпкерлікті қолдайтын;

12) сервис орталықтарын, қосалқы қызметтер, қызмет көрсету саласын және т.б. құруға жәрдем көрсетілетін болады.

Қоғамдық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мынадай шаралардың орындалуын білдіреді:

1) "электронды үкімет" жүйесін енгізу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жалғастыру;

3) оларды бірінші кезекте қылмыстар мен қоғамдық тәртіптің бұзылуының алдын алуға, Алматы тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігі мен азаматтық құқықтарының жан-жақты сақталуын мүлтіксіз қамтамасыз етуге бағдарлай отырып, полиция мен жол полициясы жұмысының басымдықтарын түбегейлі қайта қарау;

4) түнгі уақытта қала көшелері мен аумақтарын жеткілікті жарықтандыруды қамтамасыз ету;

5) қайыршылық пен қайыр сұраушылықты, оның ішінде бұрын пайдаланылған заттарды жинау пункттері мен қайырымдылық асханаларын ашу арқылы жою;

6) шетел азаматтарының келуінің және тіркелуінің оңайлатылған рәсімдерін енгізу;

7) Алматы әуежайы қызметінің, сондай-ақ Алматы әуежайында жұмыс істейтін кеден және шекара қызметтерінің мәдениетін көтеру.

5. Өзге де шарттар

Халықаралық қаржы орталығын құру жобасын табысты іске асырудың негізгі шарттарының бірі мемлекет есебінен қаржыландырылатын промоушен және маркетинг болады.

Орталықтық қызметі мен құрылымы туралы толық ақпарат, байланыс ақпараты (телефон, мекен-жай) көрсетілген Орталықтың ресми сайтында қол жетімді болады. Оны танымалдылығын көтеру мақсатында брошюралар негізгі ұйымдарға-әріптестерге, басқа қаржы орталықтарына елшіліктерге, консулдықтарға, шет елдердегі Қазақстан Республикасы сауда палаталарына, шет мемлекеттердің уәкілетті органдарына жолданады.

Орталық веб-сайты пайдаланушылар үшін қолайлы болады (user friendly).

Қосымшалар

Дубай қаласының халықаралық қаржы орталығы (Dubai International Financial Center)

Соңғы 7 жылда ХІӨ-нің орташа жылдық өсуі 6%-дан асып түсті, ал 2002 жылы 7,5%-ды құрады. Бұл ретте "экономикалық ғажайыптың" дамуында мұнайдың рөлі ұдайы төмендеп 1985 жылғы елу пайыздан сәл ғана кем болса 1993 жылы 24%-ға дейін және 2002 жылы 7%-ға дейін азайып отырды. 2010 жылы мұнайдың экономикадағы үлесі ЖІӨ-нің 1%-нан кем болады деп күтілуде.

Сонымен бірге, Дубай халықаралық қаржы қызметтерінің тез дамушы орталығы болып табылады. Әмірліктің қаржы қызметтері индустриясы кеңею үстінде, және 1990 жылдан бастап 2000 жылға дейінгі аралықта оның жылдық өсуі 12%-дан астам болды. Аталған секторды Дубай Үкіметі даму үшін негізгі сектор ретінде белгіледі және халықаралық қаржы орталығын (DIFC) құру жолымен қала ЖІӨ-нің 10%-нан 20%-ына дейін өсуі күтілуде.

DIFC құрылуы стратегиялық тұрғыдан жоспарланған және ол Даму жөніндегі орган (Dubai Development and Investment Authority) жүзеге асыратын жобалардың бірі болып табылады. Дубайдың әртүрлі бағыттарда еркін аймақтар құрудағы ауқымды тәжірибесін атап айту қажет. Мысалы, қазіргі уақытта қала аумағында 15-ке дейін әртүрлі аймақтар бар (Internet City, Media City, Jebel Ali Free zone, E-mirsal, Dubai Airport Free Zone және т.б.).

DIFC құрудағы негізгі мақсат экономиканы мұнай секторынан одан әрі әртараптандыру, БАӘ үкіметі көздеген елдің су, энергетика, көлік секторларындағы жекешелендіруге, өңірде жоспарланып отырған жекешелендіруге (барлығы 90-нан астам жекешелендіру объектісі) қолайлы жағдайлар жасау болды. Бұл ретте, жекешелендірудің мақсаты қаражат түсімі емес, бірақ дербес прецедент құру болып табылады. Барлық мемлекеттік компаниялар табысты және мұны қажет етпейді де.

Ұйғарылып отырған негізгі капитал көздері: Нью-Йорк, Гонконг қаржы орталықтары және т.б. қаржы орталықтары тартқан Парсы шығанағы елдерінің

капиталы, Үнді субқұрлығы, Каспий өңірі, Солтүстік және Шығыс Африка, Қытай елдерінің капиталы және Ислам қағидаттарына сай келетін қаржы қызметтері рыногы (қазіргі уақытта бұл рынок 200 млрд. АҚШ долл. астам деп бағалануда, келесі 10 жыл ішінде 12-ден 15%-ға дейін жылдық өсуі мүмкін).

Үш жылдан астам уақыт бұрын жалпы өңірде мұндай орталық құрудың экономикалық орнықтылығын растау мақсатында оның кейіннен жемісті қызмет ету мүмкіндігі туралы зерттеу жүргізу үшін MacKenzie & Company фирмасының үздік консультанттары шақырылған болатын. Көрші мемлекеттердің қаржы институттарының, үкіметтерінің басым көпшілігінің пікірі зерттелді.

2002 жылғы ақпанда Лондон және Гонконг халықаралық қаржы орталықтары арасындағы бос кеңістіктерді (сағаттық белдеулерді) толтыруға қабілетті DIFC құру ниеті туралы жарияланды. DIFC Дубай қаласының үкіметтік ұйымы болып табылады және Дубай федералды декреті мен Заңына сәйкес құрылды. Тұтастай алғанда DIFC-тың көптеген мәселелері өте тез шешіледі, DIFC-тың жылдам салынуы мен дамуында үлкен жетістіктер Дубай қаласы Шейхінің жекелей қызығушылығының арқасында, сондай-ақ федералды Үкіметтің қолдауы арқасында деп белгіленген.

Дубай Үкіметі DIFC-ты құру мен дамытуға 2 млрд. АҚШ долл. бөлді, соманың жартысына жуығы жер құнына (100 акрге жуық) келеді.

Нормативтік құқықтық базаны әзірлеу процесі төрт кезеңге бөлінді:

1) БАӘ-дегі еркін қаржы аймақтарының тұжырымдамасын (14.07.03 ж. қабылданды) жасауға және аймақ аумағында азаматтық және коммерциялық құқықты жоюды жүзеге асыруға, сондай-ақ DIFC-ты құру туралы БАӘ-нің федералды декретін (07.09.04 ж. қабылданды) әзірлеуге мүмкіндік беретін БАӘ-нің федералды заңын әзірлеу.

2) Дубай қаржы қызметтері жөніндегі уәкілетті орган (DFSA) құру туралы декреті және басқа негізгі ұйымдар.

3) DIFC-тың реттеуіш және заңдық базасын әзірлеу.

4) реттеуші жүйені аяқтау үшін (аяқтау процесінде) DFSA-ның кіші заңдық нормативтік құқықтық актілері.

Дәл сол кезде DFSA-ны басқаруға банктік, сақтандыру, және басқа қаржы секторларында, бағалы қағаздар рыногында, реттеуіш органдарда жұмыс тәжірибесі бар халықаралық мойындалған кәсіпқойлар командасы шақырылды. Осы команданың негізгі мақсаты болып федералды заңнамаға және DIFC аумағында қаржы қызметтері жұмысын реттеу мен қадағалау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдердің тиісті өзгертулерін әзірлеу саналды.

Өткен жылдың аяғында елдің басқарушылық құрамындағы ұзақ талқылаулардан кейін елдің Конституциясына өзгертулер мақұлданды, оларға сәйкес DIFC аумағында федералды қылмыстық құқық қана таратылады, ал

DIFC-тың азаматтық және коммерциялық заңнамалары бөлек болады. Тек DIFC-қа арналған заңнаманы әзірлеу мақсатында өзіне тән заңнамалық "вакуум" құрылды.

DIFC-тың негізгі қағидаттары болып: тұтастық, ашықтық және қарапайымдылық, бұл керексіз бюрократиялық рәсімдерді болдырмауды және қаржы ұйымдарымен және кәсіби кеңесшілермен кеңестің нәтижесі болып табылған заңнаманы болжайды. DIFC жағымды инвестициялық ахуалды мынадай жағдайларды ұсыну жолымен құруды көздейді:

100%-дық шетелдік иелену мүмкіндігі;
салықтардың (корпорациялық және жеке) болмауы;
қандай-да бір валюталық бақылаудың болмауы;
өзіне ұқсасы жоқ операциялық қолдау: қазіргі заманға сай кеңселер, қазіргі заманға сай технология, ақпаратты қорғау, business continuity facilities;
өзіне бірдей болмайтын қауіпсіздікті басқару.

Сонымен бірге, сонымен DIFC аумағында компанияның нақты қатысу қажеттілігін және DIFC аумағында операциялар орындалуын көздей отырып, Гонконг, Лондон және Нью-Йорк сияқты DIFC "оншорлық". АҚШ доллары DIFC-тың ресми валютасы болып табылады.

DIFC-тың Еуропа мен Азия арасындағы стратегиялық орналасуы оған капиталдың нетто экспортшылары болып табылатын (рынок триллион доллардан астам деп бағалануда) Парсы шығанағы, Үнді субконтиненті, Каспий өңірі, Солтүстік және Шығыс Африка, Қытай елдеріне бағытталуға мүмкіндік береді.

DIFC жергілікті бизнеске бағытталмаған, 200-ге дейін тек халықаралық мультиұлттық қаржы ұйымдарын және дәулетті жеке тұлғаларын тарту жоспарлануда (High Net Worth Individuals - инвестициясымен 1 млн. АҚШ долл. астам). Қазіргі таңда 100-ге жуық компаниялар өз қатысуын растады (2004 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша 3 компанияға лицензия берілген), одан басқа, Credit Suisse, Deutsche Bank, Julius Baer. Осымен бірге, DIFC қандай да бір маркетингті жұмыс өткізбейді, тек reactive business көзделді. Бұдан басқа, қандай да бір "бөлшектік бизнесіс", тек "көтерме бизнес" өткізілетін болады.

Қазіргі таңда қандай да бір инфрақұрылымның DIFC аумағында болмауымен байланысты лицензия берілгеннен кейін 4 жыл ішінде ұйымдар Дубай қаласының аумағында болу құқығы бар.

Дублин қаласының халықаралық қаржы орталығы (International Financial Services Center)

Ирландия Еуропалық экономикалық қауымдастыққа (European Economic Community) 1973 жылғы 1 қаңтарда қосылды.

1980 - ш і ж ы л д а р ы :

1) белсенді еңбек қоныс аударуы жағдайында жұмыссыздық деңгейі 17%-дық

ең көп деңгейге жетті (көбінесе жастар, мысалы жыл сайын Ұлыбританияға 40 мыңға жуық адам қоныс аударды);

2) өндірістің тұралауы;

3) бюджеттік тапшылық ЖІӨ-нің 12%-ан асты.

Халықаралық қаржы орталығы тұжырымдамасының бірінші жобасын 1980-ші жылдардың ортасында Дермот Дезмонд (Dermot Desmond) жазды, содан кейін оның негізгі ережелері 1987 жылы Премьер-Министр болған Чарльз Хоғидің (Charles Haughey) жетекшілігіндегі партияның сайлау алдындағы бағдарламасына енді. Осы жылғы сәуірде IFSC комитеті құрылды, тіпті оның мүшелері арасында орталық идеясының өзіне қатысты скептикалық ниеттілер көп болды. Оған қарамастан, саяси шешімді Премьер-Министр қабылдады.

Нәтижесінде, IFSC тұрақты және белсенді қаржы орталығы ретінде құрылды, о л :

1) жақсы білімі бар жас еңбек ресурстары үшін тұрақты сапалы жұмыспен қамтылуын генерациялауға қабілетті;

2) Дублиннің депрессивті ауданының - Custom House Docks жаңғыруы және қалпына келтіруіне көмектесе алады.

Еуропалық комиссия жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін ерекше шара ретіндегі мемлекеттік көмек жөніндегі ЕО ережесіне сәйкес, Ирландиядағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейін, ЕО-ның басқа елдерімен салыстырғанда дамуы артта қалғанын және жас тұрғындардың жоғары үлесін ескере IFSC-тың арнайы режимін мақұлдады.

Ирландия тәжірибесінің тарихындағы салықтық преференциялар саласында мынаны атап өткен жөн:

1) 1956 жылы экспортталатын өндірілген тауарлар бойынша пайда үшін корпорациялық табыс салығының нөлдік ставкасы енгізілді, мысалы "export sales relief";

2) 1980 жылы оны Ирландияда өндірілген тауарларды (олар экспортталғанына байланысты емес) сатудан түскен кіріс үшін корпорациялық табыс салығының 10%-дық (ол кезеңде стандартты ставкасы 50% болды) ставкасымен ауыстырды. Бұл режим сондай-ақ Шэннон (Shannon Airport Zone) әуежайы аймағында тіркелген қызмет көрсету саласындағы (оның ішінде қаржылық) компанияларға қатысты қолданылды;

3) өз кезегінде, 1987 жылғы шілдеде 1987 Finance Act сәйкес нақ осы режим IFSC-та тіркелген қаржы ұйымдарына таратылды.

Салық салудың жоғарыда баяндалған режимі компанияға тарауы үшін, оны Қаржы министрлігі (Department of Finance) сертификаттауы керек. "Салықтар туралы" Ирландия Заңына сәйкес сертификат алу үшін операцияларға қойылатын негізгі талаптар:

- 1) олардың заңнамада белгіленген қаржы қызметтері анықтамасына сәйкестігі ;
- 2) оларды резидент еместер резидент еместердің пайдасына жасауы тиістігі;
- 3) жұмыспен қамтуды және экономиканың қосылған құнын шоғырландыру жолымен олардың IFSC-тың дамуына ықпал етуі тиістігі;
- 4) оларды көрсететін компаниялардың IFSC-тың аумағында орналасуға тиістігі болып табылады .

Корпорациялық салықтың 10%-дық ставкасынан басқа салықтық режим қосарланған салық салуды болдырмау туралы мемлекетаралық шарттардың ауқымды желісінің (38 шарт) көмегімен қалыптасты, бұл IFSC клиенттері үшін және IFSC компаниялары төлейтін сыйақы бойынша төлем көзінен табыс салығының ұсталмағаны үшін өте маңызды. Бұдан басқа, IFSC құрылысының алғашқы жылдары Custom House Docks ауданын дамытуды ынталандыру мақсатында салықтық ынталандырулар қолданылды (табыс салығы бойынша IFSC-та үй-жайларды жалға алғаны үшін екі еселенген төлем мөлшеріндегі табыс салығы бойынша шегерімдер, мүлік салығынан босату, құрылыс құнына шегерімдер) .

Қаржы секторы өкілдерінің пікірі бойынша (Dublin Funds Industry Association Financial Services Ireland) операцияларды IFSC-ке ауыстыру үшін басты ынталандыру болғаны рас салықтық себептерден басқа кешенді түрде соңында IFSC-ты қаржы секторы үшін өте тартымды еткен Ирландияның және IFSC-тың бірнеше бәсекелік артықшылықтарын атап өтуге болады:

- 1) тиімді және білікті реттеуіш режим. Ирландияны реттеу ЕО директиваларына негізделген, сонымен бірге неғұрлым күрделі қаржы өнімдерін енгізу және дамыту мақсатты түрде ынталандырысуда (мысалы, бастапқы сатыда - инвестициялық қорлар, қазір - деривативтер). 2003 жылғы 1 мамырдан бастап бірыңғай қаржы реттеуші - Irish Financial Services Regulatory Authority жұмыс істейді. IFSC-та тіркелетін қаржы компанияларын лицензиялау және қадағалау жалпы ортақ тәртіппен жүзеге асырылды, барлық айырықша талаптарды Қаржы министрлігі қойды ;

- 2) жоғары білікті персоналдың болуы. IFSC компаниясының бірінші қызметкерлері кешегі еңбек эмигранттары - бұрын АҚШ пен Ұлыбританияның қаржы ұйымдарында жұмыс істеген ирландиялықтар болды;

- 3) ағылшын тілді халық. Ирландиялықтардың тек 42%-ы ғана шамамен ирланд тілінде сөйлейді ;

- 4) еуропалық рыноктарға қол жетімділік. ЕО заңнамасын конвергенциялау процесі нәтижесінде Ирландияда лицензия алған қаржы компаниялары бүкіл ЕО аумағында қаржы қызметтерін көрсетуге құқылы болды;

- 5) дамыған инфрақұрылым (телекоммуникация, ақпараттық технологиялар,

білікті бухгалтерлер, заңгерлер, АТ жөніндегі мамандар);
б) 1980 және 90 жылдар ішіндегі өнімнің салыстырмалы төмен (АҚШ және ЕО елдерімен салыстырғанда) өзіндік құны.

Құрылыстық әкімшілендіруді қоса алғанда, коммуналдық, әкімшілендіру үшін 1987 жылы Dublin Docklands Development Authority-дегі арнайы заңға сәйкес 2001 жылғы қаңтарда қайта ұйымдастырылған Custom House Docks Development Company Ltd құрылды. IFSC-тың бірінші кезегін ақысына салуды (11 Га-ға жуық тендер бойынша) британ-ирландия консорциумы ұтып алды, кейіннен жоғарыда көрсетілген компаниямен бірге БК құрылды, ол өзінің балансына мемлекет жер түрінде берген жарғылық капиталының бөлігін қосты. БК ғимараттарды сатқаннан кейін, компания мемлекетке жер құнын өтеді (1987 жылдан бастап IFSC аумағындағы жердің 1 Га құны 20 есе өсті және бағалау бойынша 20 млн. еуроны құрады). Бұдан басқа, аса ірі ирландиялық банктер, мысалы AIB, алғашқы құрылысшылардың бірі болды.

IFSC-тің дамуындағы Ирландия дамуы жөніндегі агенттігінің (Ireland Development Authority) рөлін қайта бағалау да қиын. IFSC-тің промоушені және маркетингі жөніндегі жұмысын негізінен осы агенттік жүзеге асырды. IDA - мемлекет қаржыландыратын автономды агенттік, оның функциялары:

1) экономиканы дамыту және жұмыс орындарын құру үшін шетелдік компанияларды тарту (бұл функцияны іске асыру үшін шетелде 14 өкілдік құрылды);

2) тартылған компаниялармен жұмыс (рекрутинг, өндірісті орналастыру, мемлекеттік органдармен, сала өкілдерімен байланыс, заңдық, бухгалтерлік, басқа көмекші фирмаларды және қызметтерді іріктеу жөніндегі консультациялар және т.б.);

3) өңірлік дамуды ынталандыру (Дублиннен тысқары жұмыс орындарын құрушы компанияларға бір жұмыс орны үшін 6-7 мыңға жуық еуро төленеді) болып табылады.

Сонымен бірге, қаржы секторы басымды индустрияның бірі ғана болып табылады. Сондай-ақ Ирландия мынадай секторларға басымдылық береді:

- 1) АТ және электроника;
- 2) фармацевтика;
- 3) медициналық жабдық шығару.

IDA тартқан 1237 компания 138 мың жұмыс орнын құрғаны IDA қызметінің нәтижесі болып саналды, бұл компаниялардың пайдасы 52,7 млрд. еуро құрайды, олар 80%-дан астам өндірістік экспортты және 35%-дан астам ЖІӨ өндірді.

Қазіргі таңда:

1) IFSC-та қаржы қызметкерлері үшін 12 мыңға жуық жұмыс орны құрылды, одан басқа тағы 40 мыңға жуық жұмыс орны жанама құрылды (бэк-офистер,

сервис орталықтары, қосалқы қызметтер, қызмет ету саласы және т.б.);

2) орталықтандырылған корпорациялық басқару үшін IFSC жетекші орталыққа айналды (Coca-Cola, McDonald's BMW және басқалары ұсынылды, барлығы 73 корпорациялық қазынашылық және 316 басқарылатын қазынашылық) ;

3) IFSC авиациялық лизинг бойынша жетекші орталық болып табылады;

4) IFSC-та аса ірі 50 әлемдік банктің жартысы және 20 аса ірі сақтандыру компаниялар ұсынылған ;

5) инвестициялық қорлар активтерінің 440 млрд. еуроға жуығы басқарылады (IFSC-тың 50%-ға жуық жұмыс орындары, 43 инвестициялық қорлар әкімшісі, 23 кастодиан, 3 мыңнан астам инвестициялық қорлар тартылған);

6) шетелдік банктердің активтері шамамен 214 млрд. еуро құрайды (120 банк және кредиттік беру ұйымдар);

7) алынған сақтандыру сыйлықақылары 10 млрд. еуро және өмірді сақтандыру жөніндегі шетелдік сыйлықақылары 5,6 млрд. еуро құрайды (33 өмірді сақтандыру жөніндегі халықаралық компания, 45 сақтандыру және қайта сақтандыру компаниялары, 183 кэптивті сақтандыру компаниялары);

8) IFSC-тің қаржы компанияларының корпорациялық табыс салығы 2002 жылы 705 млн. еуро немесе Ирландияның жиынтық корпорациялық табыс салығының 15%-ын (1989 жылы 4,7 млн. еуромен салыстырғанда) құрады;

9) IFSC аумағы үйлесімді инфрақұрылымы бар (184 мың м² кеңсе, 1,5 мың пәтер) Дублиннің қазіргі заманғы бірнеше кварталдарынан (22 Га) тұрады.

1998 жылы ЕО комиссиясы, арнайы режимді белгілеу мақсаттарына қол жеткізілгендігін негізге ала отырып IFSC үшін арнайы режимге өз рұқсатын қайта қарады. Еурокомиссия мен Ирландия арасындағы өтпелі ереже жөніндегі келісімде Қаржы департаментінің сертификатын 1998 жылғы 31 шілдеге дейін алған компанияларға 2005 жылдың аяғына дейін корпорациялық табыс салығы 10%-дық ставкасы бойынша салынады деп белгіленді, 1998 жылғы 31 шілдеден кейін сертификатталған компаниялардың пайдасына 2002 жылдың аяғына дейін 10%-дық ставка бойынша салық салынды, бұл ретте бірде бір компания 2000 жылғы 1 қаңтардан кейін сертификат ала алмады.

Сонымен бірге, IFSC режимін алып тастаумен байланысты Ирландия Үкіметі 1997 жылы экономиканың барлық секторларына сауда (белсенді) операцияларынан алынатын пайда бойынша 12,5% деңгейіндегі корпорациялық салықтың бірыңғай ставкасына жылжу туралы шешім қабылдады. 25%-дық ставка саудадан тыс пассивті қызмет бойынша алынатын пайдаға қолданылатын болады (мысалы, қайта бағалау жөніндегі кірістер). Қабылданған шешімге байланысты стандартты корпорациялық табыс салығының ставкасы 1998 жылғы

32%-дан 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап біртіндеп 12,5%-ға дейін төмендеді. Корпорациялық табыс салығының жаңа ставкасын ЕО бекітті және ол толығымен Ирландияның халықаралық міндеттемелеріне толық сәйкес келеді.

Осылайша, IFSC үшін арнайы режимді алып тастау (өйткені бұрын алға қойылған мақсаттарға қол жеткізілді) іс жүзінде IFSC компаниялары мен Ирландияда тіркелген компаниялар арасындағы барлық айырмашылықтарды жойды. Қазіргі уақытта Ирландия үшін IFSC мәселесі өзекті емес, барлық міндеттер Ирландияның барлық қаржы секторына қатысты қалыптасады.

Лабуан қаласының халықаралық оффшорлы қаржы орталығы (Labuan International Offshore Financial Center)

Малайзия ұзақ уақыт бойы әсіресе оның экономикалық өсуінің негізгі бағыты болып табылатын өндірістік секторда шетелдік инвестицияларды тартуда. Осындай саясатты жүргізе отырып, жергілікті және шетелдік инвесторларды тарту үшін Малайзия табыс салығын салған кездегі шегерімдер, және салық салған кездегі арзандатулар мен басқада жеңілдіктер түрінде бірқатар салықтық шегерімдерді ұсынады.

Малайзияның инвестициялық орталық ретіндегі тартымдылығын арттыру үшін үкімет 1990 жылғы 1 қазанда Лабуанның федералды аумағының шегінде Халықаралық оффшорлы қаржы орталығын (IOFC) құрды.

Лабуандық IOFC-ты құру Малайзияның салық режиміне тағы бір еркіндік дәрежесін береді. Лабуандық IOFC елдің қаржы жүйесін Куала Лумпурдағы орталықпен толықтырады және Малайзияның жалпы ұлттық өніміне қаржы секторының үлесін күшейтеді.

Лабуанда IOFC-ты табысты дамуы үшін барлық қажетті алғышарттар бар: саяси тұрақтылық, ең аз валюталық бақылауы бар тұрақты валюта, банк қызметінің құпия және құпиялы, сондай-ақ барынша аз ереже мен нұсқаулар, басқа қаржы орталықтарымен жақсы байланысты және жоғары білікті әрі тәжірибелі жұмыс күшін қамтитын жақсы инфрақұрылым.

Лабуан аралы 92 км² аумақты алып жатыр, халқы 60 000 адамды құрайды. Ол арқылы АСЕАНдық өңірдің негізгі теңіз және әуе жолдары өтеді, арал Бангкоктан, Гонконгтан, Джакартадан, Куала Лумпурдан, Маниладан, және Сингапурдан бірдей қашықтықта орналасқан. Ол ешқандай сатуға салықтар, қосымша салықтар, акциздік алымдар, экспорттық және импорттық баждар жоқ еркін порт болып табылады. Алайда мұнай мен мұнай өнімдеріне салынатын баждар бар.

Малайзия үкіметі Лабуанның инфрақұрылымын жақсарту әрі жетілдіру Токио, Гонконг, Сингапур сияқты негізгі қаржы және экономикалық орталықтардан оған қол жетімділікті арттыру үшін күш жұмсалуда.

Малайзия үкіметі Лабуан федералды аумағындағы IOFC-ты дамытумен белсенді түрде айналысады. Мынадай қызмет түрлеріне ең жақсы жағдайлар жасалып жатыр және оларға Лабуан IOFC-да жеңілдікті салық салынатын б о л а д ы :

1. Оффшорлы банк операциялары;
2. Трасттарды және қорларды басқару;
3. Оффшорлы сақтандыру және оффшорлы сақтандырумен байланысты және б и з н е с ;
4. Оффшорлы инвестициялық холдинг компаниялары.

IOFC-тың жұмыс істеуі үшін қажетті алғышарттарды жасау үшін 1990 жылғы маусымда парламент бес жаңа заң және қолданыстағы бір заңға өзгеріс қабылдады. Бұл мынадай заңдар:

- 1) Оффшорлы компаниялар туралы 1990 жылғы Заң,
- 2) Лабуандық трасттық компаниялар туралы 1990 жылғы Заң,
- 3) Оффшорлы банк қызметі туралы 1990 жылғы Заң,
- 4) Оффшорлы сақтандыру туралы 1990 жылғы Заң,
- 5) Лабуанда оффшорлы кәсіпкерлік қызметке салық салу туралы 1990 жылғы Заң ,
- 6) Табыс салығы туралы 1990 жылғы (өзгертілген) Заң.

Жоғарыда көрсетілген заңдар 1990 жылғы 1 қазанда күшіне енді.

Бұл заңдар мен оларға өзгерістер мына ерекшеліктерді қамтамасыз ету үшін қ а б ы л д а н д ы :

- 1) ереже мен нұсқаулардың аз болуы

Лабуан басқада белгілі IOFC-тармен бәсекелесе алуы үшін заңдар барынша ережелермен және нұсқаулармен сонымен қатар қажетті заңнамалық базаны қамтамасыз ететіндей етіп қарапайым болып жасалды.

- 2) құпияны және құпиялылықты қамтамасыз ету.

Әдетте Малайзия банк қызметінің толық құпиялығына кепілдік беретін заңдарды қабылдамайтынын атап кеткен маңызды. Бірақ, Лабуан IOFC-на қатысты өз бизнесін және қаржы жағдайын құпия сақтағысы келген клиенттер үшін заңнамалық негіз құру үшін Малайзия құпиялылықты қамтамасыз етеді. Бұған Оффшорлы компаниялар туралы 1990 жылғы Заңдағы, Лабуандық трасттық компаниялар туралы 1990 жылғы Заңдағы, Оффшорлы банк қызметі туралы 1990 жылғы Заңдағы, Оффшорлы сақтандыру туралы 1990 жылғы Заңдағы құпиялылық туралы әртүрлі баптар есебінен қол жеткізіледі.

Оффшорлы компаниялар туралы 1990 жылғы Заң шеңберіндегі құпиялық т у р а л ы б а п т а р :

компания құжаттарын мемлекеттік тексеруді шектеуді;
акция ұстаушылар туралы және нақты иегерлері туралы, басшылық және

қызмет, компанияның қаржы және басқа істері туралы мәліметтерді жария етуге тыйым салуды (егер бұл заңда көзделмесе);

оффшорлы компанияға қарсы істі жабық түрде тыңдауды (қылмыстық істерден басқа) қамтамасыз етеді.

Оффшорлы банк қызметі туралы 1990 жылғы Заң: тұлға оффшорлы банк клиентінің жеке шоттары және операциялары туралы мәліметтердің құпиялығына;

клиент операцияларымен шоттарымен, директормен немесе оффшорлы банк қызметкерлерімен байланысты қандай да бір ақпаратты және құжаттарды жария етуге тыйым салуға кепілдік береді.

Билік заңды бизнес жүргізетін клиенттер ғана құпиялылықтың барлық артықшылықтарын пайдалануы үшін және қылмыскер екендігі дәлелденген клиенттерге оны бермеу үшін барлық мүмкіндіктерді жасады. Бұл өте дәл теңгерімделген заң жасауға әкелді, мұнда билік заңды бизнестің құпиялылығын қамтамасыз ету және қылмыстық ниеттегі жеке тұлғалар және корпорацияларды құпиялылық құқығынан айыру мүмкіндігін иелену ниетін ашық көрсетті.

Лабуанның халықаралық оффшорлы қаржы орталығы ретіндегі артықшылықтары:

1. Төмен операциялық шығыстар және қолайлы салық режимі.

Материалдық операциялық шығыстар және бухгалтерлердің, заңгердің және басқа қызмет провайдерлерінің кәсіби қызметтері үшін шығыстар басқа қаржы орталықтарына қарағанда Лабуанда төмен.

Жеңілдікті салық режимі оффшорлы компанияларға өз қызметін Лабуанда жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Салық ставкасы таза пайданың жылдық 3%-ын немесе 5 300 АҚШ долларын құрайды. Оффшорлы компаниялардың кез келген салық ставкасын таңдау мүмкіндігі бар. Сондай-ақ төлем ставкалары мен құжаттаманың әртүрлі ставкаларына негізделетін табыс салығы, баждар сияқты басқа да салықтар бар.

2. Қаржы қызметтерін қадағалайтын бірыңғай реттеуші орган құру.

Лабуандағы оффшорлы бизнестің және қаржы ұйымдарының қызметін Лабуанның оффшорлы заңнамасы мен қадағалау органы реттейді (LOFSA).

3. Малайзия Үкіметін қолдау және оның міндеттемелері.

Малайзияның Федералды Үкіметі Лабуанды халықаралық оффшорлы қаржы орталығы ретінде дамытуға толық міндеттенді және Лабуан инфрақұрылымын қолдауды, дамытуды және күшейтуді жалғастыруда.

4. Лабуанның қазіргі заманғы инфрақұрылымы.

Лабуанда халықаралық мектеп, аурухана, халықаралық деңгейде қызмет көрсететін отельдер, институт, халықаралық кампусы бар университет және қаржы инфрақұрылымы бар.

IOFC-ты одан әрі дамыту елдің жеке секторы мен үкімет арасындағы ауқымды ынтымақтастыққа бағытталуы керек.

Сингапур қаласының халықаралық қаржы орталығы

Елдің халықаралық саудаға кеңінен тартылған ашық экономикасы, капитал рыноктарының ашықтығы және саналы фискалдық саясат Сингапурдың әлемдік қаржы орталығы ретінде қалыптасуының базалық факторларына айналды, оған Сингапур Үкіметінің мынадай жетістіктері жағдай жасады:

аса ірі ұзақ мерзімді кредит беру және венчурлік қаржыландыру көзі ретінде Сингапур Даму Банкіні құру,

қаржы секторын бірыңғай реттеудің тиімді жүйесін құру, қаржы рыногында ашықтықты ынталандыру, резидент еместер үшін "экономикалық азаматтық" алу рәсімін жеңілдету және қаржы институттары, олардың қызметтерін тұтынушылар және инвесторлар үшін бірқатар салық жеңілдіктерін енгізу сияқты қадамдары жәрдемдесті.

Сингапур қаржы рыногын дамытуды ынталандыру және оның әлемдік қаржы орталығы ретінде қалыптасуы жөніндегі негізгі шаралар:

Азиялық доллар рыногын құру (еуродоллар рыногына ұқсас) бұған валюта режимін ырықтандыруға (валюта айырбас операцияларын бақылауды алып тастау) ықпал етті;

шетелдік қаржы және қаржы емес ұйымдарды тарту және резидент еместерге көрсетілетін қызметтерге салық жеңілдіктерін белгілеу, резидент еместердің пайдасына төленетін капитал салығын және депозиттер бойынша пайыздар салығын алып тастау жолымен халықаралық операцияларға қаржы ұйымдарын қатыстыру;

қаржы қызметтерінің жаңа түрлерінің пайда болуын және дамуын ынталандыру (бағалы қағаздар портфелін басқару, теңгерімнен тыс корпорациялық қаржыландыру, туынды бағалы қағаздар рыногы және валюта рыногы);

банктерді олардың қызметтерінің шектелуі бойынша бөлу (толық лицензия, шектеулі лицензия, оффшорлы);

қаржы секторына батыстың жетекші мамандарын тарту және бағалы қағаздар рыногының үздіксіз жұмыс істеуін және қор және фьючерлік биржаны автоматтандыру деңгейін дамыған елдер биржасы деңгейіне дейін көтеру және АҚШ-тың кейбір биржаларымен өзара мойындау туралы келісімдерге қол қою арқылы оны әлемдік қаржы рыногына интеграциялауды қамтамасыз ету болып табылды.

90-шы жылдарға қарай Сингапур әлемнің аса ірі қаржы орталықтарының біріне айналды. Сол кезде валюталық операциялар көлемі тек Лондоннан, Нью-Йорктен артта болды және Токиодан аз ғана қалып қойды. Заңның үстемдік

ету қағидатын сақтау, тәуелсіз соттың және іс жүзінде жыл сайын бюджетті профицитпен теңестіріп орынды макроэкономикалық саясат жүргізіп отырған тұрақты, құзіретті және адал үкіметтің болуы қаржы орталығын дамыту үшін негіз болды.

Бүгінгі таңда Сингапурдың монетарлы саясат агенттігінің Қаржы Орталығын Дамыту департаменті әзірлеген қаржы орталығын одан әрі дамыту жөніндегі шаралары қаржы секторына қатысушылар үшін, оның ішінде оффшорлы банктер, міндеттемелерді сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі, қаржылық кепілдіктерді сақтандыру жөніндегі шетелдік банктердің өңірлік кеңселері үшін қор рыногында қаржы кепілдерін сақтандыру бойынша, резидент еместерге көрсетілетін қызметтер бойынша, резидент еместердің бағалы қағаздары мен облигациялар бойынша пайыздық табыстар жөніндегі, туынды қаржы құралдарының жаңа түрлерімен мәмілелер жөніндегі, туынды қаржы құралдары бойынша резидент еместердің пайдасына төлемдер жөніндегі делдалдар үшін басқаруында резидент еместер активтерінің белгілі бір көлемі бар бағалы қағаздар портфелін басқарушылар үшін және олардың клиенттері-резидент еместер үшін кастодиандық қызметтер, бірлестірілген қаржылық қызметтер және Сингапурге шетелдік қаржы ұйымдарын тартуға бағытталған өзге де салықтық жеңілдіктер бойынша бірқатар салықтық жеңілдіктерді (төмендетілген салық, 5-10%-ға жуық, салықтық ерекшеліктер және салықтық каникулдар) көздейді.

Сингапурды қаржы орталығы ретінде дамытуға бағытталған шаралар қатарына қаржы секторының біліктілігін жоғарылататын қызметкерлеріне және мамандандырылған тренингтер өткізуге қаржылай қолдау көрсететін, сондай-ақ қаржы рыногындағы инновациялық технологияларға гранттар белгілейтін Қаржы секторын дамыту қоры кіреді.

Сингапур оффшорлы аймаққа жатады.

Сингапурге жақсы басқарылатын халықаралық қаржы орталығы беделін қалыптастыру үшін 1968 жылы "азиаттық долларлар" рыногындағы операциялар басталған сәттен бастап 30 жыл қажет болды.

Соңғы жылдар ішінде Сингапур әлемдік қаржы орталығы мәртебесінен айырылды. Жетекші Lehman Brothers және Goldman Sachs инвестициялық банктері банктік инвестициялық бизнестің негізгі бөлігін Сингапурден Гонконгке көшіру жоспары туралы мәлімдеді. Олардың артынан ірі трансұлттық бизнестің басқа өкілдері ерді. Голландық Philips компаниясыда өңірлік штаб - пәтерді Гонконгке көшіруге ниеттеніп отыр, ал неміс BMW автомобильдерін өндірушісі өзінің өңірлік операцияларының ішінара Малайзияға көшетіні туралы мәлімдеді. Сингапурді Гонконгпен салыстыра келе, инвесторлар Сингапурлық қаржы реттеуді шектен тыс деп санайды - "Гонконгте тыйым салынбағанның

бәріне рұқсат етілген, ал Сингапурде рұқсат етілмегеннің бәріне тыйым салынған".

Қорытындылар

Халықаралық қаржы орталықтарын құру және олардың жұмыс істеу тәжірибесін талдау құрылу себептері бойынша да, халықаралық қаржы орталығын іске асыру тетігі бойынша да өзара барынша әртүрлі даму моделдерін көрсетті. Оларды қарастыру нәтижелері бойынша олардың жетістігін тұтастай бірегей бәсекелі артықшылықтар қатары айқындап бергені туралы негізгі қорытынды жасауға болады, олардың негізгі бөлігі қазіргі уақытта Қазақстанға тән емес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК